

## Жарғы

<b>Жоба атауы:</b>	«Үйсіз жануарларға арналған пана»
<b>Бастамашылар:</b>	Устемиров Нурдос Айланұлы – ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігі бақылау басқармасы, бас маман; Жамбылова Талшын Мухтарқызы – Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, бас маман; Рыскулбекова Токжан Турусовна – Әділет департаменті, Атқарушылық өндірісті қамтамасыз ету бөлімі, жетекші маман;
<b>Жобаның іске асырылу мерзімі</b>	2021 жылдың 2-ші жарты жылдығы (6 ай)
<b>Жобаның негіздемесі</b>	<p>1. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» ҚР Заңы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына Жолдауында азаматтардың жануарларға деген қарым-қатынасы мәселесіне назар аударып, азаматтық сектормен бірлесіп жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы тиісті заң әзірлеуді тапсырған болатын</p> <p>2. - Мөлтек аудандарда қоқыс жанында ит пен мысықтардың көптеп жүруі әсерінен түрлі аурулардың пайда болу қаупі. -Балаларға қауіптілік. -Тұрғындардың қаңғыбас иттерді атуға деген наразылығы. -Иттерді ату барысында оқыс оқиғалардың орын алуы.</p>
<b>Жобаның өнімі</b>	Жануарларды жай өмір сүруге емес, жайлы өмір сүру жағдайымен қамтамасыз ету. Қоғамда мораль заңдылықтарын дамытып, барлық тіршілік иесіне деген адамгершілік қатынас көрсетуді бала кезден үйретуіміз керектігін ұғыну. Табиғат пен жануарларға деген адами қарым-қатынасты әрбір адам бала кезден сіңіруі қажет және бұл процеске барынша көп адам, сарапшы, ерікті, қоғам белсенділері жұмылдыру;

<b>Жобаның SMART мақсаты</b>	Халықтың жануарларға деген қамқорлығын ояту мақсатында 2021 жылдың 2 – ші жарты жылдығында 6 ай мерзімде Тараз қаласының мөлтек аудандарына, үйсіз қалған жануарларға арналған шамамен 30 дана үйшіктер орналастыру.
<b>Жобаның міндеті</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>-Жамбыл облысы әкімдігінен рұқсат алу;</li> <li>-Әкімдік қаулысымен басқармалар арасында хат алмасу;</li> <li>-Қоғамда адамдар арасында жануарларға деген қамқорлықты ояту;</li> <li>-Әлеуметтік желілер арқылы «үйсіз қалған жануарларға арналған пана» тақырыбында түрлі члендер мен жастар арасында кеңінен таралған тик ток видеолар түсіру;</li> <li>-Таза тамақтану мен күтім арқасында қоршаған ортаға микроб арқылы келетін түрлі аурулардың азаюы;</li> <li>-Тұрғындар арасында сауалнама жүргізу;</li> <li>-Жануарлардың көбейіп кетпес үшін және түрлі аурулар таратпас үшін екпе ектіру, үйшіктерге дезинфекция жасау.</li> </ul>
<b>Жоба сәттілігінің критерийлері</b>	Жануарларды жай өмір сүруге емес, жайлы өмір сүру жағдайымен қамтамасыз ету. Алдағы уақытта приют ашу көзделуде.
<b>Стейкхолдерлер</b>	<p>Жамбыл облысы әкімдігінің  Ветеринария басқармасы  Пәтер иелері кооперативі  Халық  Волонтерлер  Тұтынушылардың құқығын қорғау департаменті</p>

<b>Жобаның шектеулері</b>	Жобаның жүзеге асыру мерзімі 1 маусым 2021 жыл – 1 желтоқсан 2021 аралығын қамтиды. Қажетті қаражат соммасы 2 млн теңге
<b>Жоба тәуекелдері</b>	Халықтың жануарларға деген қызығушылық танытпаса жобаның жүзеге асуы тежелу мүмкіндігі; Қажетті шаралардың орындалмай қалуы; Мамандардың немесе мекемелердің келіспеуі;